

"Тараз қаласы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2013 жылғы 8 қазандағы № 19-7 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 40-7 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 сәуірде № 2622 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 ақпандағы № 42-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 15.02.2019 № 42-6 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Тараз қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Тараз қаласы бойынша әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2013 жылғы 8 қазандағы № 19-7 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2037 болып тіркелген, 2013 жылғы 20 қарашада № 47 "Жамбыл Тараз" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген Тараз қаласы бойынша әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

7 тармақта:

тоғызыншы абзацтағы: "20 000" сандары "30 000" сандарымен ауыстырылсын,
, "(жиырма мың)" сөздері "(отыз мың)" сөздерімен ауыстырылсын;

оныншы абзацтағы "10 000" сандары "15 000" сандарымен ауыстырылсын, "(
он мың)" сөздері "(он бес мың)" сөздерімен ауыстырылсын;

он бірінші абзацтағы "20 000" сандары "30 000" сандарымен ауыстырылсын, "
(жиырма мың)" сөздері "(отыз мың)" сөздерімен ауыстырылсын;

7 тармақ келесі мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"-әскери қызметші қаза болған жағдайда оның отбасына (бірақ үш адамнан
аспайтын) ол жерленген жерге тегін барып қайтуына көрсетіледі".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тараз қалалық мәслихатының білім
беру, денсаулық сақтау, мәдениет, жастар саясаты және әлеуметтік орта
жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап
күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың
сессиясының төрайымы
А. Досымбаева*

*Қалалық мәслихат
хатшысы
Б. Нарбаев*